Корпорация әрбір есепті қунге, гудвилді қоспағанда, активтің бұрын мойындалған құнсыздану шығындарының жоқ немесе қысқарған екендігінің белгілері бар-жоғын айқындаиды. Егер мұндай белгі бар болса, Корпорация активтің немесе ААЖБ-ның әтелетін құнын есептейді. Құнсызданудан болатын бұрын танылған шығындар, егер құнсызданудан болатын шығынды соңғы рет таныған уақыттан бастап активтің әтелетін құнын айқындау үшін пайдаланылған жол берілімде взгеріс орын алған жағдайда ғана қалпына келтіріледі. Қалпына келтіру активтің баланстық құны оның әтелетін құнынан асып кетпеуімен, сондай-ақ амортизацияны шегеріп тастағанда баланстық құнынан аспауымен шектелген, бұл актив егер алдыңғы жылдары құнсызданудан болған залал деп танылмаған жағдайда, баланстық құны бойынша танылуы мүмкін. Мұндай құнды қалпына келтіру пайда мен зияндарда мойындалады.

(f) Қаржы активтері

Бастапқы тану және бағалау

Қаржы активтері алғаш рет танылғанда кейіннен амортизацияланған құны бойынша, басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша және пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі.

Қаржы активтерінің бастапқыда танылған кездегі жіктелуі шартта көзделген қаржы активі мен Корпорация бұл активтерді басқару үшін қолданатын бизнес-модель бойынша ақша ағындарының сипаттамаларына тәуелді болады. Қаржыландырудың едөуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Корпорация іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешекті қоспағанда, Корпорация қаржы активтерін бастапқыда пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржы активтері жағдайында мәміле бойынша шығындар сомасына ұлғайтылған әділ құны бойынша бағалайды.

Қаржыландырудың едөуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Корпорация іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешек «Сатыл алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім» 15 ХКЕС-ке (IFRS) сәйкес айқындалған мәміленің бағасы бойынша айқындалады.

Қаржы активін амортизацияланған құны бойынша немесе басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша жіктеу және бағалау үшін осы активтің шарттық талаптары борыштың негізгі сомасының әтелмеген бөлігіне «борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана» болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздеуі қажет. Мұндай бағалау SPPI-тест деп аталады және әрбір құралдың деңгейінде жасалады.

2.3 Есеп саясатының маңызды ережелеріне қысқаша шолу (жалғасы)

(f) Қаржы активтері (жалғасы)

Корпорация қаржы активтерін басқару үшін пайдаланатын бизнес-модель ақша ағындарын өкелу маңызды Корпорация өзінің қаржы активтерін басқаратын тәсілді сипаттайты. Бизнес-модель ақша ағындарының шартта көзделген ақша ағындарын алуудың, қаржы активтерін сатудың немесе екеуінің де салдары болатындығын айқындайды.

Заннамада немесе белгілі бір нарықта қабылданған ережелерде белгіленген мерзімде активті жеткізуі талап ететін қаржылық активтерді сатып алу немесе сату бойынша барлық мәмілелер («стандартты талаптардағы» сауда) мәмілені жасау күніне, яғни Корпорация өз мойнына активті сатып алу немесе сату міндеттемесін қабылдаған күнге мойындалады.

Корпорацияның қаржы активтеріне ақша қаражаты, банк салымдары, сауда және басқа да дебиторлық берешек, облигацияларға инвестициялар жатады.

Кейінгі бағалау

Кейіннен бағалау маңыздылық үшін қаржы активтері төрт санатқа жіктеледі:

- амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- жинақталған пайда мен зияндарды кейіннен қайта жіктей отырып басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- мойындау тоқтаған кезде жинақталған пайда мен зияндарды кейіннен қайта жіктеместен басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын, ұйымның қарауына қарай жіктелген қаржы активтері (үлестік құралдар);
- пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері.

Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар)

Бұл санат Корпорация үшін барынша орынды болып табылады. Корпорация қаржы активтерін амортизацияланған құны бойынша бағалайды, егер келесі талаптардың екеуі де орындалса:

- қаржы активі бизнес-модельдің шеңберінде ұсталады, оның маңыздылық қаржы активтерін шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұстасу болып табылады; және
- қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндерге борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдерға болып табылатын ақша ағындарын алууды негіздейді.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып бағаланады және оларға құнсыздандыруға қатысты талаптар қолданылады. Пайда немесе зияндар активтің мойындалуы тоқтаған, ол түрлендірілген немесе құнсыздандыруға пайданың немесе зиянның құрамында мойындалады.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына Корпорация сауда және басқа да дебиторлық берешекті, кредиттік мекемелердегі қаражатты (банк салымдары, ақша қаражаты мен оның баламалары) және облигацияларға инвестициялар жатқызады.

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына саудаға арналған қаржы активтері, пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын деп бастапқыда танылған кезде Корпорацияның қарауына қарай жіктелген қаржы активтері немесе міндетті түрде әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері жатады.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ
2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық
есептілікке ескертпелер
барлық сома мың қазақстандық төңгемен ұсынылды

2.3 Есеп саясатының маңызды ережелеріне қысқаша шолу (жалғасы)

(f) Қаржы активтері (жалғасы)

Жақын арада сату мақсатымен сатып алған болса, қаржы активтері саудалауға арналған деп жіктеледі. Бөлек ендірілген туынды құралдарды қоса алғанда, туынды құралдар, олар Корпорацияның қарауына қарай тиімді хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған жағдайларды қоспағанда, саудаға арналған деп жіктеледі. Солар бойынша ақша ағындары борыштың негізгі сомасының және пайыздардың есебінен тек төлемдер болып табылмайтын қаржы активтері пайдаланылатын бизнес-модельге қарамастан пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша жіктеледі және бағаланады.

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (жалғасы)

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері қаржылық жағдай туралы есепте әділ құны бойынша ескеріледі, ал олардың әділ құнының таза өзгеруі пайда немесе зиян туралы есепте танылады.

Корпорацияның бұл санатта қаржы активтері жоқ.

Жинақталған пайда мен зияндарды кейіннен қайта жіктей отырып басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар)

Корпорация борыштық құралдарды, егер келесі талаптардың екеуі де орындалатын болса, басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланады:

- бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын қаржы активі, оның мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын алу, сол сияқты қаржы активтерін сату болып табылады; және
- қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндерге борыштың негізгі сомасының өтелмеген белгіне борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана болып табылатын ақша ағындарын алууды негіздейді.

Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдарда, пайыздық кіріс, валюта бағамдарының қайта бағалануы және мұндай залалдардың құнсыздануынан немесе қалпына келтірілуінен болған залалдар пайда немесе зиян туралы есепте танылады және амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтеріндегі дәл осылайша есептеледі. Әділ құнның қалған өзгерістері басқа да жиынтық кірістің құрамында танылады.

Мойындалу тоқтаған кезде басқа да жиынтық кірістің құрамында танылған әділ құн өзгерістерінің жинақталған сомасы пайданың немесе зиянның құрамына қайта жіктеледі.

Корпорацияның бұл санатта қаржы активтері жоқ.

Мойындау тоқтаған кезде жинақталған пайда мен зияндарды кейіннен қайта жіктеместен басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын, үйымның қарауына қарай жіктелген қаржы активтері (үлестік құралдар)

Бастапқы мойындау кезінде Корпорация өз қарауына қарай, бірақ одан кейіннен бас тарту құқығынсыз, үлестік құралдарға жасалған инвестицияларды басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеу жөнінде шешім қабылдай алады, егер олар «Қаржы активтері: ұсыну» 32 ХҚЕС-ке (IAS) сай меншікті капиталдың анықтамасына жауап бермесе және саудаға арналмаса. Мұндай жіктеу туралы шешім әрбір құрал бойынша бөлек қабылданады.

Мұндай қаржы активтері бойынша пайда мен залалдар ешқашан пайданың немесе зиянның құрамына жіктелмейді. Дивидендтер, Корпорация қаржы активі құнның бір белгінің етемақысы ретінде мұндай түсімдерден пайда алған жағдайлардан басқа, дивидендтерді алуға құқық белгіленгенде пайда немесе зиян туралы есепте басқа да кіріс ретінде танылады. Мұндай жағдайда осындай пайда басқа да жиынтық кірістің құрамында көрсетіледі. Корпорацияның қарауына қарай басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланған деп жіктелген үлестік құралдар құнсыздану мәніне бағаланбайды. Корпорацияның бұл санатта қаржы активтері жоқ.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» KE АҚ
2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық
есептілікке ескертпелер
барлық сома мың қазақстандық төңгөмен ұсынылды

2.3 Есеп саясатының маңызды ережелеріне қысқаша шолу (жалғасы)

(f) Қаржы активтері (жалғасы)

Мойындауды тоқтату

Қаржы активі (немесе қолданылуына қарай – қаржы активінің бір бөлігі немесе сол сияқты қаржы активтері тобының бір бөлігі) мойындалуын тоқтатады (яғни, Корпорацияның қаржылық жағдай туралы есебінен алынып тасталады), егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Корпорация активтен ақша ағындарын алу құқығын ақша ағындарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша еш кешіктірмей алатын үшінші тараپқа төлеу бойынша өзіне міндеттеме алғанда; немесе (а) Корпорация барлық төуекелдер мен активтен түсетін пайдаларды бергенде, не болмаса (б) Корпорация барлық төуекелдер мен активтен түсетін пайдаларды бермегендеге және сақтамаған, бірақ осы активтерді бақылау функциясын берген жағдайда.

Егер Корпорация өзінің активтен ақша ағынын алу барлық құқығын берсе не транзиттік келісім жасаса, ол меншік құқығына байланысты төуекелдер мен табысты сақтап қала алған-алмағанын және, егер сақтап қала алған болса, онда қандай көлемде екендігін бағалайды. Егер Корпорация активтен болатын барлық төуекелдер мен табысты іс жүзінде бермесе және өзінде сақтамаса, сондай-ақ активке бақылауды бермесе, Корпорация берілген активке өзінің қатысуын жалғастыруы дәрежесінде тануын жалғастырады.

Бұл жағдайда Корпорация тиісті міндеттемені де мойындаиды. Берілген актив пен тиісті міндеттеме Корпорация сақтаған құқықтар мен міндеттемелерді көрсететін негізде бағаланады. Берілген актив бойынша кепілдік түрін қабылдайтын жалғасатын қатысу келесі өлшемдердің активтің бастапқы баланстық құны немесе төленуін Корпорация талап етуі мүмкін етемақының ең көп соманың ең азы бойынша танылады.

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Қаржы активтерінің құнсыздануы туралы толық ақпараттың ашылып көрсетілуі келесі ескертпелерде көрсетілген:

- елеулі есепті пайымдаулар, бағалау мәндері және жорамалдар (3-ескертпеле);
- облигацияларға инвестициялар (6-ескертпеле)
- сауда дебиторлық берешек (8-ескертпеле);
- банктик салымдар (10-ескертпеле);
- ақша қаражаты мен оның баламалары (11-ескертпеле).

Корпорация пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын барлық қарыздар мен басқа да борыштық қаржы активтері бойынша күтілетін несие залалдарының (КНЗ) бағалау резервін көрсетеді. КНЗ ұйымға шарттарға сәйкес тиесілі болатын ақша ағындары мен Корпорация алынуын күтіп отырган барлық ақша ағындары арасындағы айырма ретінде есептеледі. КНЗ дәл осындай несиелік рейтингісі бар үқсас құрал үшін бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемеге тең болатын мөлшерлеме бойынша дисконтталауды.

КНЗ екі кезеңде танылады. Бастапқы танылған сәтten бастап несие төуекелі айтарлықтай үлғаймаған қаржы құралдары бойынша келесі 12 айдың (12 айлық күтілетін несие залалдары) ішінде мүмкін болатын дефолттардың салдарынан туындауы мүмкін несие залалдарына қатысты залалдарға бағалау резерві құрылады. Солар бойынша бастапқы танылған сәтten бастап қаржы құралдары үшін несие төуекелі айтарлықтай үлғайған дефолттың орын алу мерзімдеріне қарамастан (бүкіл мерзім үшін күтілетін несие залалдары) осы қаржы құралының қалған қолданылу мерзімінің ішінде күтілетін несие залалдарына қатысты залалдарға бағалау резерві құрылады.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ
2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық
есептілікке ескертпелер
барлық сома мың қазақстандық төңгемен ұсынылды

2.3 Есеп саясатының маңызды ережелеріне қысқаша шолу (жалғасы)

(f) Қаржы активтері (жалғасы)

Сауда дебиторлық берешекке және шарт бойынша активтерге қатысты Корпорация КНЗ-ны есептеу кезінде жеңілдетілген тәсілді қолданады. Тиісінше, Корпорация несие тәуекелінің өзгерістерін қадағаламайды, ал оның орнына әрбір есепті күнге бүкіл мерзім үшін күтілетін несие залалдарына тең сомада залалдарға бағалау резервін мойындайды. Корпорация қарызы алушылар мен жалпы экономикалық талаптарға тән болатын факторларды ескере отырып түзетілген несие залалдарының пайда болуының өткен тәжірибесін ескере отырып дайындалған бағалау резервтерінің моделін пайдаланды.

Кредиттік мекемелердегі қаражатқа қатысты (банк салымдары, ақша қаражаты мен оның баламалары) Корпорация 12 айлық кезең үшін күтілетін несие залалдарын есептеді. 12 айлық күтілетін несие залалдары – есепті күннен кейін 12 айдың ішінде болуы мүмкін қаржы құралы бойынша дефолттардың салдарынан туындастын күтілетін несие залалдарын білдіретін бүкіл мерзім үшін күтілетін несие залалдарының бір бөлігі. Дегенмен қаржы құралы бойынша несиелік тәуекел бастапқы танылған сәттен бастап едәуір ұлғайған жағдайда залалдардың бағалау резерві бүкіл мерзім үшін күтілетін несие залалдарына тең болатын сомада бағаланады.

Корпорация несие тәуекелінің едәуір ұлғаюы болды деп есептейді, егер шарт бойынша тәлем мерзімі 30 күннен артық өтсе. Егер шарт бойынша тәлемдердің мерзімі 90 күнге өтіп кетсе, Топ қаржы активі бойынша дефолт болды деп есептейді. Дегенмен, белгілі бір жағдайларда Корпорация, егер ішкі немесе сыртқы ақпарат Корпорация ұстап қалатын несие сапасын арттыру тетіктерін ескермesten, Корпорацияның шарт бойынша көзделген қалған тәлемдердің барлық сомасын алатындығына нұсқаса, қаржы активі бойынша дефолт болды деген қорытындыға келе алады.

(g) Қаржылық міндеттемелер

Бастапқы тану және бағалау

Қаржылық міндеттемелер бастапқы мойындау кезінде тиісінше пайда немесе зиян; несиeler мен қарызы алулар, кредиторлық берешек немесе тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі. Корпорация өзінің қаржылық міндеттемелерін оларды бастапқы мойындау кезінде жіктейді.

Барлық қаржылық міндеттемелер бастапқыда оларға мәміле бойынша тікелей байланысты шығындар шегеріліп (қарыздар, несиeler мен кредиторлық берешек болған жағдайда) әділ құны бойынша танылады.

Корпорацияның қаржылық міндеттемелеріне сауда және басқа да кредиторлық берешек кіреді.

Кейінгі бағалау

Қаржылық міндеттемелерді одан кейінгі бағалау олардың жіктелуіне тәуелді болады:

Сауда және басқа да кредиторлық берешек

Бастапқы мойындалғаннан кейін сауда және басқа да кредиторлық берешек тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар оларды тану дөғарылғаннан кейін, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып амортизацияның есептелуіне қарай пайданың немесе зиянның құрамында танылады.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» KE АҚ
2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық
есептілікке ескертпелер
барлық сома мың қазақстандық тенгемен ұсынылды

2.3 Есеп саясатының маңызды ережелеріне қысқаша шолу (жалғасы)

(g) Қаржылық міндеттемелер (жалғасы)

Мойындауды тоқтату

Қаржылық міндеттеменің танылуы, егер міндеттеме өтелсе, күші жойылса, немесе оның әрекет ету мерзімі аяқталған жағдайда тоқтатылады.

Егер қолданыстағы қаржылық міндеттеме дәл сол несие берушінің алдында едәуір ерекшеленетін талаптарда басқа міндеттемеге ауыстырылса немесе егер қолданыстағы міндеттеменің талаптары едәуір өзгерілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгеріс бастапқы міндеттеменің мойындалуын тоқтату ретінде және жаңа міндеттемені мойындаудың басталуы ретінде ескеріледі, ал олардың ағымдағы құнындағы айырмасы пайда немесе зиян құрамында мойындалады.

(h) Қаржы құралдарының өзара есепке алынуы

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алуға жатады, ал нетто-сома қаржылық жағдай туралы есепте қазіргі кезде танылған сомаларды өзара есепке алуға зангерлік қорғауды қамтамасыз ету, сондай-ақ есеп айырысуды нетто-негізде жасау не болмаса активтерді өткізу және сонымен бір мезгілде міндеттемелерді өтеуге ниеті болғанда көрсетілуі тиіс.

(i) Қорлар

Қорлар қос көлемнің ең азы бойынша бағаланады: сатып алушың бастапқы құны немесе сатудың таза ықтимал бағасы бойынша.

Қорлардың бастапқы құнына қорларды тиісті жерге жеткізумен және оларды ағымдағы қүйге келтірумен байланысты өдettегі қызмет барысында болған қаржылық шығындар жатады.

Сатудың таза ықтимал бағасы өндірісті аяқтауға арналған есепті шығындарды және өткізуге арналған есепті шығындарды шегере отырып, өдettегі қызметтің барысында сатудың есепті бағасы ретінде анықталады.

Қорлардың өзіндік құны орташа алынған әдісті пайдалана отырып айқындалады.

(j) Ақша қаражаты мен оның баламалары

Қаржылық жағдай туралы есептегі ақша қаражаты мен оның баламалары кассадағы қолма-қол ақшаны, банктердегі ақша қаражатын, қысқа мерзімді банк салымдары мен өтеудің бастапқы мерзімі үш айдан аспайтын басқа да қысқа мерзімді жоғары өтімді инвестицияларды қамтиды.

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есептің мақсаттары үшін ақша қаражаты мен оның баламалары өтепмеген банкілік овердрафтарды шегеріп тастағанда, жоғарыдағы анықтамаға сай ақшалай қаражаттан және қысқа мерзімді банк салымдарынан тұрады.

(k) Түсімді және басқа да кірістерді тану

Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім тауарларға немесе қызметтерге бақылау сатып алушыға берілгенде және өтемақыны көрсететін сомада бағаланған кезде танылады, соған құқықты Корпорация мұндай тауарларға немесе қызметтерге айырбас ретінде алушы күтіп отыр.

Корпорация пайда алушы көздейтін өзі жасаған шарттарды өзі принципал ма әлде агент пе дегенді анықтау мақсатында белгілі бір өлшемдерге сәйкес талдайды.

Корпорация барлық мұндай шарттар бойынша принципал ретінде болады деген тұжырымға келді (өйткені шарттар бойынша өз мойнына алған міндеттемелерді алған негізгі тарап болып табылғандықтан, пайда алып, шарттармен байланысты тәуекелдерді қабылдайды).

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» KE АҚ
2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық
есептілікке ескертпелер
барлық сома мың қазақстандық төңгемен ұсынылды

2.3 Есеп саясатының маңызды ережелеріне қысқаша шолу (жалғасы)

(к) Түсімді және басқа да кірістерді тану (жалғасы)

Корпорацияның қаржылық есептілігінде негізінен қызметтердің келесі түрлері бойынша түсімді мойындайды: зейнетақы және әлеуметтік төлемдер бойынша қызметтерді көрсетуден түскен түсім, жер кадастрының және жылжымайтын мүлікті техникалық зерттеу қызметтерін көрсетуден түскен түсім, мемлекеттік қызметтерді көрсетуден түскен түсім.

Зейнетақы және әлеуметтік төлемдер бойынша қызметтерді көрсетуден түскен түсім

Түсімнің бұл түрі мемлекет есебінен төленетін зейнетақы, жәрдемақы сомалары мен басқа да төлемдердің аударылуын басқару үшін түсімді білдіреді. Корпорация түсімнің мұндай түрін уақыт сөтіне мойындайды.

Жер кадастрының және жылжымайтын мүлікті техникалық зерттеу қызметтерін көрсетуден түскен

Түсімнің бұл түрі жер пайдаланушыларының пайда болу жобаларын жасау жұмыстары, жерде жер участекерінің шекараларын белгілеу жұмыстары және жерде жер пайдаланушыларының жобаларын белгілеу жұмыстары үшін түсімді білдіреді. Корпорация түсімнің бұл түрін, сол бойынша түсім уақыт кезеңінің ішінде танылатын «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті» РМК-мен жасалған шартты қоспағанда, уақыт сөтіне мойындайды.

Мемлекеттік қызметтерді көрсетуден түскен түсім

Түсімнің бұл түрі халықта қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру, мемлекеттік жер кадастрының мәліметтерін бергені үшін, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің топырақ бонитетін айқындау және геоботаникалық зерттеу үшін түсімді білдіреді. Корпорация түсімнің мұндай түрін уақыт сөтіне мойындайды.

Сауда дебиторлық берешек

Дебиторлық берешек Корпорацияның шартсыз болып табылатын өтемақы сомасына құқығын білдіреді (яғни ақы төлеу мерзімінің орын алуды үшін тек уақыт қана қажет).

Шарттық міндеттемелер

Шарттық міндеттеме – Корпорация сатып алушыдан өтемақыны (немесе өтемақы сомасын) алған тауарларды немесе қызметтерді сатып алушыға беру міндеттемесі. Сатып алушы өтемақыны Корпорация тауарды немесе қызметті сатып алушыға беру сөтіне дейін төлеген жағдайда, Корпорация шарттық міндеттемені төлемді жүзеге асыру сөтіне немесе төлем төленуге жататын болған сәтте (қайсысының бұрын орын алғандағына қарай) мойындайды. Корпорация шарттық міндеттемені түсіммен мойындалады.

Пайыздық кіріс

Амортизацияланған құны бойынша және пайда немесе зиян арқылы өділ құны бойынша бағаланатын, сондай-ақ басқа да жиынтық кіріс арқылы өділ құны бойынша бағаланатын барлық қаржы құралдары бойынша пайыздық кіріс немесе шығыс тиімді пайыздық мәлшерлеме әдісін пайдалана отырып танылады. Тиімді пайыздық мәлшерлеме - бұл қаржы құралын болжамды пайдалану мерзімінің бойында немесе егер бұл орынды болса, қаржы активінің немесе міндеттеменің таза баланстық құнына дейінгі ұзақ емес кезеңінің ішінде күтілетін келешек төлемдерді немесе ақша қаржатының түсімдерін дәл дисконттайтын мәлшерлеме. Пайыздық кіріс жиынтық кіріс туралы есепте қаржыландырудан алынған табыс ретінде көрсетіледі.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» KE АҚ
2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық
есептілікке ескертпелер
барлық сома мың қазақстандық теңгемен ұсынылды

2.3 Есеп саясатының маңызды ережелеріне қысқаша шолу (жалғасы)

(I) Жалдау

Келісім жасалған кезде Корпорация келісім жалдау болып табылатындығын немесе оның жалдау белгілері бар-жоғын бағалайды, яғни Корпорация келісім-шарттың белгілі бір уақыт аралығында сәйкестендірілген активті пайдалануды бақылау құқығын өтеудің орнына беретіндігін анықтайды.

Корпорация жалға алушы ретінде

Корпорация қысқа мерзімді жалға алуға қатысты танудан босатуды өзінің қысқа мерзімді жалдау шарттарына (яғни, жалдау басталған күнгі жалдау мерзімі 12 айдан аспайтын және базалық активті сатып алуға опциянды қамтымайтын шарттарға) қолданады. Корпорация сондай-ақ құны төмен деп саналатын жалдау шарттарына құны төмен активтерді жалға алуға қатысты танудан босатуды қолданады. Қысқа мерзімді жалдау және төмен құны бар активтерді жалдау бойынша жалдау төлемдері жалдау мерзімі ішінде желілік әдіспен шығыстар ретінде танылады.

Корпорация активтерді жалдау басталған күнгі пайдалану құқығы нысанында таниды (яғни базалық актив пайдалану үшін қолжетімді болатын күн). Пайдалану құқығы нысанындағы активтер жалдау бойынша міндеттемелерді қайта бағалауға түзетіле отырып, жинақталған амортизация мен құнсызданданудан болған жинақталған шығындар шегеріле отырып, бастапқы құны бойынша бағаланады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтердің бастапқы құны жалдау бойынша танылған міндеттемелердің шамасын, жалдау бойынша алынған ынталандыру төлемдерін шегере отырып, жалдаудың басталу күніне немесе осындаі күнге дейін жүргізілген бастапқы тікелей шығындарды және жалдау төлемдерін қамтиды. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер сзыбытық әдіспен мынадай кезеңдердің жалға алу мерзімі немесе активтерді пайдалы пайдаланудың болжамды мерзімі негұрлым қысқа мерзімге амортизацияланады.

Жалдау басталған күні Корпорация жалдау мерзімі ішінде жүзеге асырылуы тиіс жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағаланатын жалдау бойынша міндеттемелерді таниды. Жалдау төлемдеріне кез-келген ынталандыру төлемдерін алып тастағандағы тіркелген төлемдер, индекске немесе мөлшерлемеге байланысты ауыспалы жалдау төлемдері және тарату құнның кепілдіктері бойынша төленуі күтілетін сомалар кіреді. Жалдау төлемдеріне, егер компанияның осы опциянды орындаітынына жеткілікті сенім болса, сатып алу опцияның орындалу бағасы және егер жалдау мерзімі компанияның опциянды тоқтатуды ықтимал орындауын көрсетсе, жалдауды тоқтату үшін айыппул төлеу кіреді. Индекске немесе ставкаға тәуелді емес ауыспалы жалдау төлемдері осындаі төлемдерді жүзеге асыруға әкел соқтыратын оқиға немесе шарт басталған кезеңде шығыстар ретінде танылады (олар қорларды өндіру үшін жұмысалған жағдайлардан басқа).

Жалдау төлемдерінің келтірілген құнын есептеу үшін Корпорация жалдау басталған күні қарыз алушың нарықтық мөлшерлемесін пайдаланады, ейткені жалдау шартына енгізілген пайыздық мөлшерлемені оңай анықтау мүмкін емес. Жалдау басталған күннен кейін жалдау бойынша міндеттемелердің шамасы пайыздардың есептелуін көрсету үшін ұлғайтылады және жүзеге асырылған жалдау төлемдерін көрсету үшін азайтылады. Бұдан басқа, компания жалға алу бойынша міндеттемелердің баланстық құнын қайта бағалауды жаңарту, жалдау мерзімі өзгерген, жалдау төлемдері өзгерген (мысалы, индекстің немесе осындаі төлемдердің айқындау үшін пайдаланылатын мөлшерлеменің өзгеруіне байланысты болашақ төлемдердің өзгеруі) немесе базалық активті сатып алуға опциянды бағалау өзгерген жағдайда жүргізеді.

Корпорация жалға беруші ретінде

Корпорацияда активті иеленумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайдалар қалатын жалдау операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Пайда болған жалдау кірісі жалдау мерзімі ішінде сзыбытық әдіспен ескеріледі және өзінің операциялық сипатына байланысты пайда немесе шығын туралы есепте кіріске қосылады. Операциялық жалдау шартын жасасу кезінде келтірілген бастапқы тікелей шығындар жалға берілген активтің баланстық құнына енгізіледі және жалдау мерзімі ішінде жалға беруден түсken кіріс сияқты негізде танылады. Шартты жалдау ақысы ол алынған кезеңдегі түсімнің құрамында танылады.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» KE АҚ
2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық
есептілікке ескертпелер
барлық сома мың қазақстандық төңгемен ұсынылды

2.3 Есеп саясатының маңызды ережелеріне қысқаша шолу (жалғасы)

(m) Салықтар

Ағымдағы табыс салығы

Ағымдағы табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер салық органдары өтеуге талап етуі немесе салық органдарына төлеуі күтілетін сомада бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық ставкалары мен салық заңнамасы – бұл Қазақстан Республикасында есепті күні қабылданған немесе мәні бойынша қабылданған ставкалар мен зандар.

Тікелей меншікті капиталда танылған баптарға жататын ағымдағы табыс салығы кірістер мен шығындар туралы есепте емес, меншікті капиталдың құрамында танылады. Корпорация басшылығы салық декларацияларында көрсетілген позицияларды бағалауды мезгіл – мезгіл жүзеге асырады, оларға қатысты тиісті салық заңнамасы әртүрлі түсіндірілуі мүмкін және қажет болған жағдайда Бағалау міндеттемелерін жасайды.

Мерзімі ұзартылған салық

Мерзімі ұзартылған салық активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың баланстық құны арасындағы есепті күнге қаржылық есептілік мақсаттары үшін уақытша айырмаларды айқындау арқылы міндеттемелер өдісі бойынша есептеледі.

Мерзімі ұзартылған салық міндеттемелері мына жағдайлардан басқа, барлық салық салынатын уақыт айырмалары бойынша мойындалады:

- мерзімі ұзартылған салық міндеттемесі гудвилді, активті немесе міндеттемелерді бастапқы тану нәтижесінде, бизнесі біріктіру емес мәмілелер барысында пайда болады және операцияларды жасау кезінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға немесе залалдарға өсер етпейді;
- еншілес компанияларға, қауымдақсан компанияларға, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысу үлестермен инвестициялармен байланысты салық салынатын уақыт айырмашылықтарына қатысты егер уақыт айырмасының уақыттың азайып бөлінуін бақылау мүмкін болса және уақыт айырмасы таяу болашақта азаймайтындығына елеулі мүмкіндік бар болса.

Кейінге қалдырылған салық активтері, мына жағдайлардан басқа, соған қарсы есептен шығарылатын уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық женілдіктері мен пайдаланылмаған салық шығындары есепке алыныу мүмкін салық салынатын пайда болады деген едәуір ықтималдылық болатын дәрежеде барлық есептен шығарылатын уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық женілдіктері және пайдаланылмаған салық шығындары бойынша мойындалады:

- шегерілетін уақыт айырмасына жататын мерзімі кейінге қалдырылған салық активі бизнесі біріктіру салдарынан тумаған болса және ол операцияны жасау кезінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға немесе залалдарға да өсер етпейтін активті немесе міндеттемелерді бастапқы тану нәтижесінде туындасада;
- еншілес компанияларға, ассоциацияланған компанияларға инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен көсіпорындарға қатысу үлестерімен байланысты есептен шығарылатын уақыт айырмаларына қатысты мерзімі ұзартылған салық активтері уақыт айырмалары келешекте пайдаланылады және соған қарсы уақыт айырмалары қолданылуы мүмкін салық салынатын пайда орын алады деген айтارлықтай ықтималдылық бар дәрежедеған мойындалады.

Мерзімі ұзартылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есепті күнге қайта қаралып, мерзімі ұзартылған салық активтерінің барлығын немесе бір белгін пайдалануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын табысқа қол жеткізу шамалы деп бағаланатын дәрежеде азаяды. Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта қаралады және келешек салық салынатын пайда кейінге қалдырылған салық активтерін пайдалануға мүмкіндік беруі елеулі мүмкіндігі пайда болатын дәрежеде танылады.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» KE АҚ
2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық
есептілікке ескертпелер
барлық сома мың қазақстандық төңгемен ұсынылды

2.3 Есеп саясатының маңызды ережелеріне қысқаша шолу (жалғасы)

(м) Салықтар (жалғасы)

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері есепті күнге қолданылып жүрген немесе мәні бойынша қабылданған салық ставкаларына (және салық заңнамасына) сүйене отырып, активті өткізу немесе міндеттемені өтеу кезеңінде қолданылуы күтіліп отырған салық ставкалары бойынша бағаланады. Пайданың немесе залалдың құрамында танылмаған баптарға жататын кейінге қалдырылған салық та пайданың немесе залалдың құрамында танылмайды. Кейінге қалдырылған салықтардың баптары ЖСҚ құрамында не тікелей меншік капиталында олардың негізінде жатқан операцияларға сәйкес танылады.

Корпорация кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін, егер оның ағымдағы салық міндеттемелеріне қарсы ағымдағы салық активтерін есепке алуға заңды түрде қорғалған құқығы болса және кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері бір салық органды операцияларына салық салынатын сол ұйымнан не операцияларына салық салынатын әртүрлі ұйымдардан алатын пайдаға салынатын салықтарға жатады., не нетто-негізде ағымдағы салық міндеттемелері мен активтері бойынша есеп айырысуды жүзеге асыруға не осы активтерді өткізуге және кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің немесе активтерінің елеулі сомаларын өтеу немесе өтеу күтілетін болашақ кезеңдердің әрқайсысында бір мезгілде осы міндеттемелерді өтеуге ниеттенеді.

Қосылған құн салығы (ҚҚС)

Сатулар бойынша ҚҚС тауарларды жөнелту немесе қызметтер көрсету кезінде бюджетке төлеуге жатады. Сатып алу бойынша ҚҚС өнім жеткізушиден салықтық шот-фактураны алу кезінде сату бойынша ҚҚС-пен бірге есепке алынуы тиіс.

Түсім, шығыстар мен активтер активтерді немесе қызметтерді сатып алу бойынша пайда болған ҚҚС салық органдары өтемейтін жағдайларды қоспағанда, ҚҚС-тың сомасы шегеріліп, танылады; бұл жағдайда ҚҚС тиісінше активті сатып алу шығыстарының бір бөлігі немесе шығыстар бабының бір бөлігі ретінде танылады.

Салық заңнамасы нетто негізде ҚҚС бойынша бюджетпен есеп айырысуы жасауға рұқсат етеді. Тиісінше, солар бойынша есеп айырысулар есепті күнге болмаған сатулар мен сатып алулар бойынша ҚҚС нетто-негізде қаржылық жағдай туралы есепте көрсетіледі.

Салық заңнамасының және Корпорацияның қызметтінің ерекшелігіне орай өтелуге жататын ҚҚС-тың белгілі бір бөлігі келесі жылдарға ауыстырылуы мүмкін. ҚҚС-ның мұндай бөлігі ұзақ мерзімді актив ретінде жіктеледі, құнсыздану мәніне бағаланады және бар ААЖБ-ға бөлінген жеке актив ретінде қаралады.

Дебиторлық және кредиторлық берешек ҚҚС сомаларын ескере отырып көрсетіледі.

Салық органды өтейтін немесе төлейтін ҚҚС-тың таза сомасы өтелуге жататын ҚҚС және басқа да салықтар бойынша алдын ала төлемдер құрамына, сондай-ақ қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген төленуге жататын басқа да салықтар құрамына қосылады.

(н) Шартты міндеттемелер және шартты активтер

Шартты міндеттемелер қаржылық есептілікте ескерілмейді. Олар егер ресурстардың ағып кету және экономикалық пайда мүмкіндігі шамалы ықтимал болып табылмағанда ғана ашылады.

Шартты активтер қаржылық есептілікте ескерілмейді. Олар экономикалық пайданың түсүі ықтимал болып табылғанда ашылып көрсетіледі.

(о) Есепті күннен кейінгі оқиғалар

Есепті жыл аяқталғаннан кейін орын алған және қаржылық жағдай туралы есепті дайындау күніне болған шарттардың дөлелдерін білдіретін оқиғалар (түзетуші оқиғалар) қаржылық есептілікте көрсетіледі. Есепті жыл аяқталғанда болған және түзетуші оқиғалар болып табылмайтын оқиғалар, егер олар мәнді болса, қаржылық есептіліктің ескертпелерінде ашылады.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» KE АҚ
2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық
есептілікке ескертпелер
барлық сома мың қазақстандық төңгемен ұсынылды

2.4 Есеп саясатындағы өзгерістер және ақпарат беру

Қаржылық есептілікті жасау кезінде қабылданған Есеп саясаты 2020 жылғы 1 қантарда күшіне енген қабылданған жаңа стандарттарды қоспағанда, 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін корпорацияның жылдық қаржылық есептілігін жасау кезінде қолданылған саясатқа сәйкес келеді.

ҚЕХС (IFRS) 3 түзету – “Бизнесті анықтау”

ҚЕХС (IFRS) 3-ке түзетулерде бизнес деп саналу үшін қызмет түрлері мен активтердің біріктірілген жиынтығы, ең болмағанда, бірге қайтарымды құруға айтарлықтай ықпал ете алатын салымды және қағидатты маңызды процесті қамтуы тиіс деп түсіндіріледі.

Бұл ретте бизнес қайтарымды жасау үшін қажетті барлық салымдар мен процестерді міндетті түрде қамтымауы тиіс екендігі түсіндіріледі. Бұл түзетулер Қордың қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ, бірақ егер қор бизнесті біріктіру бойынша мәміле жүргізетін болса, болашақта қолданылуы мүмкін.

ХКЕС (IAS) 1 және ХКЕС (IAS) 8 – "Маңыздылықты айқындау" түзетулері

Түзетулер маңыздылықтың жаңа анықтамасын ұсынады, оған сәйкес "егер ақпаратты өткізіп жіберу, бұрмалау немесе Бүркемелеу нақты есеп беруші үйім туралы қаржылық ақпаратты ұсынатын осы қаржылық есептілік негізінде олар қабылдайтын жалпы мақсаттағы қаржылық есептіліктің негізгі пайдаланушыларының шешімдеріне әсер етеді деп негізді түрде күтүге болатын болса, ақпарат маңызды болып табылады".

Түзетулерде маңыздылық тұастай қаралатын қаржылық есептілік мәннөтініндегі ақпараттың (жеке-жеке не басқа ақпаратпен жиынтықта алынған) сипатына немесе сандық маңыздылығына байланысты болады деп түсіндіріледі. Егер қаржылық есептіліктің негізгі пайдаланушыларының шешімдеріне әсер етеді деп негізді түрде күтүге болатын болса, ақпараттың бұрмалануы маңызды болып табылады. Бұл түзетулер Қордың қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ.

2018 жылғы 29 наурызда шығарылған "Қаржылық есептерді ұсынудың тұжырымдамалық негіздері"

Тұжырымдамалық негіздер стандарт болып табылмайды және тұжырымдамалық негіздердің бірде-бір ережесі стандарттың қандай да бір ережесінен немесе талабынан басым күшке ие емес. Тұжырымдамалық негіздердің мақсаттары: ҚЕХС жөніндегі кеңеске стандарттарды өзірлеуде жәрдемдесу; стандарттардың бірде-біреуі белгілі бір операцияны немесе басқа оқиғаны реттемеген кезде есеп саясатының ережелерін өзірлеу кезінде қаржылық есептерді жасаушыларға жәрдемдесу; және стандарттарды түсіну мен түсіндіруде барлық тараптарға жәрдемдесу. Бұл құжат тұжырымдамалық негіздердің ережелеріне сәйкес өзінің есеп саясатын өзірлейтін ұйымдарға әсер етеді.

Тұжырымдамалық негіздердің қайта қаралған редакциясы бірнеше жаңа тұжырымдамаларды, активтер мен міндеттемелердің жаңартылған анықтамаларын және оларды тануға арналған өлшемшарттарды қамтиды, сондай-ақ кейбір елеулі ережелерді түсіндіреді. Бұл құжатты қайта қарау Қордың қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ.

16 ХКЕС (IFRS) түзетулері – "covid-19 пандемиясымен байланысты жалға беру бойынша женілдіктер" 28 мамыр 2020 ж.

ҚЕХС кеңесі ҚЕХС (IFRS) 16 "жалдау" – "Covid-19 пандемиясымен байланысты жалдау женілдіктер" түзетулерін шығарды. Бұл түзету жалға алушылар үшін COVID-19 пандемиясының тікелей салдары ретінде туындаитын жалға беру бойынша басқаға беру жағдайында жалдау шарттарының түрленуін есепке алу бөлігінде ХКЕС (IFRS) 16 талаптарын қолданудан босатуды көздейді. Практикалық сипаттағы женілдету ретінде жалға алушы Жалға беруші Covid-19 пандемиясына, жалдау шартының өзгеруіне байланысты жалға беруші берген жалдау бойынша женілдіктің бар-жоғын талдауға шешім қабылдауы мүмкін. Осындай шешім қабылдаған жалға алушы Covid-19 пандемиясымен байланысты жалдау бойынша женілдікке байланысты жалдау төлемдерінің кез келген өзгерісін, егер ол жалдау шартының модификациясы болмаса, ХКЕС (IFRS) 16 сәйкес есепте қалай көрінетініне ұқсас ескериуі керек.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» KE АҚ
2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық
есептілкке ескертпелер
барлық сома мың қазақстандық теңгемен ұсынылды

2.4 Есеп саясатындағы өзгерістер және ақпарат беру (жалғасы)

Осы түзету 2020 жылғы 1 маусымнан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты қолданылады. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Бұл түзету Қордың қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ.

3 Маңызды есептік пайымдаулар, бағалаулар мен жорамалдар

Корпорацияның қаржылық есептілігін өзірлеу оның басшылығынан есепті кезеңнің соңына пікір білдіруін, есепте көрсетілетін түсім сомаларына, шығыстарға, активтер мен міндеттемелерге, сондай-ақ шартты міндеттемелер туралы ақпараттың ашылып көрсетілуіне ықпал ететін бағалау мәндері мен жорамалдарды айқындауды талап етеді. Дегенмен осы жорамалдар мен бағалау мәндеріне қатысты белгісіздік соған қатысты осы сияқты жорамалдар мен бағалаулар қабылданған активтің немесе міндеттеменің баланстық құнына келешекте елеулі түзетулерді талап етуі мүмкін нәтижелерге әкеліп соқтыруы мүмкін.

Негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімі

Корпорация әрбір қаржы жылдының соңында жылына кем дегенде бір рет негізгі құралдардың қалған пайдалы қызмет ету мерзімін бағалайды, егер күтін бағалаудан ерекшеленген жағдайда, өзгерістер 8 ХКЕС-ке (IAS) сәйкес «Есеп саясаты, есеп бағаларындағы өзгерістер және қателер» есеп бағалауларындағы өзгерістер ретінде ескеріледі.

Қаржы активтері бойынша резервтер

Корпорация дебиторлық берешек және кредиттік мекемелердегі қаражат пен облигацияларға инвестициялар бойынша күтілетін несие залалдарына резервтерді құрады (ақша қаражаты мен оның баламалары, банк салымдары).

Сауда және басқа да дебиторлық берешекке қатысты күтілетін несие залалдарын бағалау кезінде Корпорация стандартта көзделген жеңілдетілген тәсілді қолданды және көрсетілген қаржы құралдарының бүкіл өмірлік мерзім үшін күтілетін несие залалдарын есептеді. Корпорация қарызы алушылар мен жалпы экономикалық талаптарға тән болатын факторларды ескере отырып түзетілген несие залалдарының пайда болуының әткен тәжірибесін ескере отырып дайындалған бағалау резервтерінің моделін пайдаланды.

Кредиттік мекемелердегі қаражатқа (банк салымдары, ақша қаражаты мен оның баламалары) және облигацияларға инвестицияларға қатысты Корпорация 12 айлық кезең үшін күтілетін несие залалдарын есептеді. 12 -айлық күтілетін несие залалдары – есепті күннен кейін 12 айдың ішінде болуы мүмкін қаржы құралы бойынша дефолттардың салдарынан туындайтын күтілетін несие залалдарын білдіретін бүкіл мерзім үшін күтілетін несие залалдарының бір белгігі. Дегенмен қаржы құралы бойынша несиелік тәуекел бастапқы танылған сөттен бастап едөүір үлгайған жағдайда залалдардың бағалау резерві бүкіл мерзім үшін күтілетін несие залалдарына тең болатын сомада бағаланады.

Корпорация несие тәуекелінің едөүір үлғаюы болды деп есептейді, егер шарт бойынша төлем мерзімі 30 күннен артық өтсе. Егер шарт бойынша төлемдердің мерзімі 90 күнге өтіп кетсе, қаржы активі бойынша дефолт болды деп есептеледі. Дегенмен, белгілі бір жағдайларда Корпорация, егер ішкі немесе сыртқы ақпарат Корпорация ұстап қалатын несие сапасын арттыру тетіктерін ескермesten, Корпорацияның шарт бойынша көзделген қалған төлемдердің барлық сомасын алатындығына нұсқаса, қаржы активі бойынша дефолт болды деген қорытындыға келе алады.

Сейтіп, 2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанына күтілетін несие залалдарына резервтер 3,315,263 мың теңге, және тиісінше 3,293,453 мың теңге сомаға қалыптасты (6, 8, 10, және 11- ескертпелер).

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» KE АҚ
2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық
есептілікке ескертпелер
барлық сома мың қазақстандық тенгемен ұсынылды

3 Маңызды есептік пайымдаулар, бағалаулар мен жорамалдар (жалғасы)

Салық салу

